

«Қазгидромет» РМК 2026 жылғы сәуір айындағы температуралық рекордтар

Сәуір айындағы ауа райы құбылмалы әрі қарама-қайшылықта болды. Жазғыдай ыстық ауа райы кезеңдері қысқа мерзімді суытулармен, жаңбырмен, күн күркіреуімен және желдің күшеюімен алмасып отырды. Еліміздің оңтүстігінде кей күндері ауа температурасы $+30^{\circ}\text{C}$ және одан да жоғары көтерілсе, солтүстік және шығыс өңірлерде суық ауа массаларының енуі кезінде $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін аяз байқалды.

Сәуірдің бірінші онкүндігінде жоғары температура аясында еліміздің оңтүстік қана емес, солтүстік өңірлерінде де рекордтық ауа температурасы тіркелді: *01 сәуірде* Ақтөбе метеорологиялық станциясында (бұдан әрі – МС, Ақтөбе облысы) ауа $+25,6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жылынып, 2008 жылғы рекордтан ($+25,0^{\circ}\text{C}$) асты; Жезқазған МС-да (Ұлытау облысы) температура $+26,2^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, 1970 жылғы рекордты ($+23,9^{\circ}\text{C}$) жаңартты; Түркістан МС-да (Түркістан облысы) $+31,2^{\circ}\text{C}$ температура тіркелді, бұл 1944 жылғы максимумнан ($+28,4^{\circ}\text{C}$) жоғары. *02 сәуірде* де рекордтық температура көрсеткіштері жаңарды: Ақмола облысында, Астана МС-да ауа $+18,9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жылынып, 2008 жылғы рекордты ($+17,4^{\circ}\text{C}$) «жаңартты»; Көкшетау МС-да температура $+17,7^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, бұрынғы рекордтан ($+15,8^{\circ}\text{C}$) асты; Жезқазған МС-да (Ұлытау облысы) температура $+28,4^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, 2008 жылғы рекордтан ($+21,0^{\circ}\text{C}$) жоғары болды; Қарағанды МС-да (Қарағанды облысы) $+22,7^{\circ}\text{C}$ температура тіркеліп, бұл 1981 жылғы максимумнан ($+16,9^{\circ}\text{C}$) жоғары; Қостанай МС-да (Қостанай облысы) температура $+19,0^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, 2025 жылғы рекордты ($+18,8^{\circ}\text{C}$) басып озды; Қызылорда МС-да (Қызылорда облысы) температура $+32,2^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, 1990 жылғы рекордтан ($+25,0^{\circ}\text{C}$) асты; Тараз МС-да (Жамбыл облысы) температура $+27,1^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, 1970 жылғы рекордтан ($+26,1^{\circ}\text{C}$) жоғары болды; Түркістан МС-да (Түркістан облысы) температура $+32,4^{\circ}\text{C}$ құрап, 1970 жылғы рекордтық көрсеткіштен ($+28,9^{\circ}\text{C}$) асып түсті. *03 сәуірде* келесі метеостанцияларда рекордтық көрсеткіштер жаңарды: Астана МС-да (Ақмола облысы) ауа $+23,0^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жылынып, 2008 жылғы рекордтан ($+16,0^{\circ}\text{C}$) асты; Көкшетау МС-да (Ақмола облысы) температура $+20,6^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, 2023 жылғы рекордты ($+16,0^{\circ}\text{C}$) жаңартты; Жезқазған МС-да (Ұлытау облысы) температура $+27,7^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, 2012 жылғы рекордты ($+21,6^{\circ}\text{C}$) басып озды; Қарағанды МС-да (Қарағанды облысы) $+23,3^{\circ}\text{C}$ температура тіркелді, бұл 2008 жылғы максимумнан ($+17,5^{\circ}\text{C}$) жоғары; Қостанай МС-да (Қостанай облысы) температура $+20,4^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, 2009 жылғы рекордтан ($+18,0^{\circ}\text{C}$) асты; Павлодар МС-да (Павлодарская область) температура $+17,8^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, 2009 жылғы рекордтан ($+17,6^{\circ}\text{C}$) асты; Түркістан МС-да (Түркістан облысы) температура $+28,2^{\circ}\text{C}$ құрап, 1983 жылғы рекордтық мәннен ($+28,1^{\circ}\text{C}$) жоғары болды. *04 сәуірде* келесі метеостанцияларда рекордтық көрсеткіштер тіркелді: Ақтау МС-да (Маңғыстау облысы) температура $+24,2^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, 1997 жылғы рекордты ($+23,1^{\circ}\text{C}$) жаңартты; Астана МС-да (Ақмола облысы) ауа $+21,4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жылынып, 2008 жылғы рекордты ($+19,5^{\circ}\text{C}$) басып озды; Көкшетау МС-да

(Ақмола облысы) температура $+22,3^{\circ}\text{C}$ құрап, 2020 жылғы рекордтан ($+18,1^{\circ}\text{C}$) асты; Қарағанды МС-да (Қарағанды облысы) $+24,8^{\circ}\text{C}$ температура тіркелді, бұл 2025 жылғы максимумнан ($+21,0^{\circ}\text{C}$) жоғары; Петропавл МС-да (Солтүстік Қазақстан облысы) температура $+21,4^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, 2022 жылғы рекордты ($+18,6^{\circ}\text{C}$) жаңартты. 05 сәуірде Өскемен МС-да ауа температурасы $+23,9^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, 2022 жылғы ең жоғары көрсеткіштен ($+20,7^{\circ}\text{C}$) асып түсті.

Айдың бірінші жартысында еліміз аумағындағы ауа райын белсенді солтүстік-батыс және оңтүстік циклондар анықтады. Олардың ықпалымен республиканың бүкіл аумағында дерлік ауа райы өте құбылмалы сипатта болып, жаңбыр жауып, кей уақытта нөсер жаңбыр жауды. Мысалы: 04 сәуірде Арал МС-да (Қызылорда облысы) 21 мм (нормасы: 14 мм), Бірғыз МС-да (Ақтөбе облысы) 37 мм (нормасы: 16 мм) жауын-шашын түсті. 08 сәуірде Злиха МС-да (Қызылорда облысы) – 19 мм (нормасы: 16 мм), Аққұм МС-да (Түркістан облысы) 67 мм, ал 23 сәуірде дәл осы станцияда 29 мм (нормасы: 22 мм) жауын-шашын тіркелді. 14 сәуірде Аққұдық МС-да (Маңғыстау облысы) 23 мм (нормасы: 21 мм) тіркелді. 15 сәуірде Атырау МС-да (Атырау облысы) айлық норма 17 мм болғанда, 21 мм жауын-шашын байқалды.

Елордада айлық орташа ауа температурасы нормадан $4,6^{\circ}\text{C}$ жоғары болды (нормасы: $6,5^{\circ}\text{C}$). Ең төменгі ауа температурасы 17 сәуірде тіркеліп, $-5,7^{\circ}\text{C}$ -ты құрады, ең жоғары ауа температурасы 30 сәуірде байқалып, $+28,6^{\circ}\text{C}$ болды. Бір айда 20 мм жауын-шашын түсті, бұл айлық норма 22 мм болғанда, норманың 91%-ын құрайды.

Гидрометорталық директоры



М. Шмидт

АРҰМББ басшысы



Ж. Исабекова

✉ АРҰМББ 1 санатты инженері Шаяхметов К.

Аударған: техник Смағұлова Л.

8(7172) 798-395